

**Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласының білім белімінің
«Алпамыс» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

Хаттама көшірмесі № 3

01.03. 2023 жыл

Қамқоршылық кеңесінің отырысы

Төрағасы – Ж.Т.Жазбекова

Хатшы – А.Б.Байжанова

Ата-аналар комитетінің атынан қатысты: С.К. Жолбекова, Б.Т.Тулеубаева.
Бөбекжай атынан: Ж.Т. Жазбекова, А.М. Шайгозова, Базарбаева К.М.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Алпамыс» бөбекжайының педагогикалық қызметін ішкі өзін-өзі бағалау
корытындылары туралы.

Сараптама тобының жетекшісі, бөбекжай директоры Ж.Т.Жазбекова.

ТЫНДАДЫ:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы А.С.Бирмаханова сөз сөйлеуі
«Алпамыс» бөбекжайында білім беру үйымының мемлекеттік аттестациясы
2023 жылдың мамыр айында өтетінін хабарлады.

ТЫНДАДЫ:

Ж.Т.Жазбекова өз сезінде білім беру үйымын мемлекеттік
аттестаттауды үйымдастыру және өткізу жөніндегі нормативтік құқықтық
актілер негізінде біздің бөбекжай 2023 жылдың мамыр айында
аттестаттаудан өтетінін атап өтті.

Осыған байланысты бөбекжай бойынша 28.02.2023 ж. № 26 бұйрық
шығарылды, оған сәйкес жеті адамнан тұратын сараптамалық топ құрылды.

Сараптамалық топ 2020-2023 жылдар аралығында өткен 3 оку
жылындағы бөбекжай қызметіне сапалы талдау жүргізді Өзін-өзі бағалау
барысында бөбекжай жұмысындағы бірқатар онды тұстар мен орын алған
мәселелер мен кемшіліктер анықталды, алдағы уақытта табысты қызметтің
басым бағыттары әзірленді.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

1. А.М.Шайгозова – әдіскер, өткен кезеңдегі оқу-тәрбие үрдісіне
талдау жасады. Ол педагогикалық кадрлармен жүргізіліп жатқан жұмыстың
маныздылығын атап өтті, бағдарламаның барлық бөлімдері бойынша
барлық жас топтары педагогтерінің жұмысын талдаудың жиынтық
кестелерін көрнекі түрде ұсынды. Оқу-тәрбие процесін үйымдастырудың
жетістіктер мен кемшіліктерді анықтап, оларды жоюодың онтайлы
жолдарын көрсетті.

2. М.А.Онгарбаева – медбике, балалардың денсаулығын жақсартуға
жағдай жасау туралы айтты.

Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыруға,

тамақтандыруды үйымдастырып бақылауға, санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтауға кешенді көзқарастың оң нәтижелерін атап өтті.

3. Т.Н.Сагандыкова - шаруашылық бөлімінің меңгерушісі, ол бөбекжай қатты және жұмсақ жабдықтармен қамтамасыз етілгенін, барлық жас топтарында жиһаздың қажетті стандарты бар екенін атап өтті. Ғимарат гигиеналық, техникалық және өртке қарсы талаптарға сәйкес келеді.

4. А.Б.Байжанова – педагог-психолог, балабақшада ата-аналармен және балалармен жұмысты психологиялық қамтамасыз ету бойынша талдау жасады.

5. А.К.Жумаханова - тәрбиеші, оқу үдерісінің ақпараттық-әдістемелік және кітапханалық қамтамасыз етілуіне талдау жасады.

7. Базарбаева К.М. – инновация бойынша әдіскер, балалармен және ата-аналармен, педагогтармен жүргізілген сұхбаттардың, сауалнамалардың нәтижелерін баяндады.

ҚАУЛЫ ЕТТИ:

1. Педагогикалық ұжымның 2020-2023 жылдардағы жұмысын қанағаттанарлық деп санау.

2. Бөбекжайдың педагогикалық қызметінің ішкі өзін-өзі бағалау материалдары мәлімделген мәртебеге сәйкес келеді.

3. Құжаттар топтамасы 2023 жылғы 01 сәуірден кешіктірмей Қарағанды облысының білім саласындағы бақылау департаментіне ұсынылсын.

Төрағасы Ж.Жазбеков Ж.Т.Жазбекова

Хатшы К.Т.Курмангалиева Курмангалиева К.Т.